

Н.Д. Худайбергенов^{1*}, Г.Д. Абиханова²

¹ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
² Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
E-mail: nqudaibergen@gmail.com, gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

Балаларға арналған 7-8 буынды және 11 буынды өлеңдердің ырғақтық трансформациясы

Мақалада қазақ балалар поэзиясының ырғақтық трансформациясы 7-8 буынды және 11 буынды өлең өлшемдерінің мысалында зерделенген. Зерттеу жұмысында қазақ поэзиясының дінгегі саналатын аталмыш өлшемдердің ырғақтық-формалық модификациясының өзіндік ерекшеліктері талдау нысанына алынады және С. Торайғыров, Е. Елубай, М. Жаманбалинов, Қ. Жәленова, А. Естен, Қ. Мырза Әли, Б. Серікбайұлы сынды ақындардың әдеби-шығармашылық эксперименттері негізінде көрсетілді. Дәстүрлі 7-8 буынды және 11 буынды өлең өлшемдерінің ырғақтық-мелодикалық мүмкіндігі мол. Бұл өз кезегінде қазақ поэзиясының мазмұндық тұрғыдан ғана емес, формалық тұрғыдан да толысып, түрлене түсуіне жол ашты. Балалар фольклорында кеңінен қолданылған 7-8 буынды және 11 буынды өлшемдер жазба балалар поэзиясында едәуір ырғақтық дыбыстық, мелодикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырады. Әсіресе, XX ғасырдың екінші жартысында туған балаларға арналған өлең-жырлардан осыны айқын аңғаруға болады. Мақалада қазақ балалар поэзиясының формалық-ырғақтық трансформациясы дәстүр және жаңашылдық категорияларының аясында ашылады. Қазақ өлең құрылысы бұған дейін зерттелгенімен, балалар поэзиясының құрылысы әлі күнге дейін жеке зерттеу нысанына алынған емес. Осы тұрғыдан алғанда, бұл мақалада қазақ балалар поэзиясының ырғақтық модификациясы алғаш рет арнайы қарастырылады. Бұл зерттеу әдебиеттанушылар, өлеңтанушылар мен фольклортанушыларға қазақ балалар поэзиясындағы ырғақтық-интонациялық ерекшеліктерді тереңірек талдауға көмектеседі, сондай-ақ қазақ поэзиясының құрылымдық өзгерістерін зерттеуге қажетті әдістемелік негіз қалыптастырады. Сонымен қатар зерттеу материалдары мектеп бағдарламасында балалар поэзиясын оқытуда, оқу-әдістемелік құралдар мен әдебиет оқулықтарын әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін. Қазіргі қазақ ақындары мен балалар әдебиеті авторлары үшін бұл зерттеу балалар поэзиясындағы дәстүрлі және жаңа ырғақтық-интонациялық жүйелерді тиімді пайдалану жолдарын көрсету арқылы шығармашылық ізденістеріне бағыт-бағдар береді. Жалпы, зерттеу нәтижелері қазақ балалар поэзиясындағы дәстүрлі өлшемдердің жаңаша түрленуі, интонациялық жүйенің күрделене түсуі сияқты ғылыми тұжырымдарды ұсынады.

Кілт сөздер: балалар поэзиясы, буын, ырғақ, өлшем, модификация, трансформация, дәстүрлі өлшемдер, бунақ, бунақаралық кідіріс.

Kipicne

Қазақ өлеңінің табиғаты жөнінде пікір айтып, өлеңтанудың кейбір қырларына теориялық тұрғыдан баға берген ғалымдар аз емес. Қазақ поэзиясының тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік ерекшеліктері туралы жасалған зерттеулер көп болғанмен, оның түрлік-формалық модификациясы мәселелері дәстүр мен жаңашылдық дейтін философиялық-эстетикалық контексте көп зерттеле қойған жоқ. Бұл мәселеге ден қойған ғалымдар некен-саяқ. А. Үсенованың «Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы» еңбегі — осы олқылықты толтыратын зерттеулердің бірі. Автор аталмыш кітабында қазақ өлеңінің даму кезеңдерін, оның теориялық мәселелерін, қазіргі қазақ поэзиясының ырғақ жүйесін және өлең ұйқастарының құрылымдық һәм дыбыстық жүйесін жан-жақты зерделеген. А. Үсенова өз еңбегінде: «Ал поэзиялық шығарма адамның сезіміне тікелей бағытталғандықтан, оның эмоционалдық-экспрессивті сипатын айқындайтын ырғақтық-интонациялық жүйесіне мән бермеу шығарма туралы маңызды ойды айтпау деген сөз», — деген болатын [1; 34]. Поэзиядағы жаңаша ізденістерді зерделегенде біз, ең алдымен, өлеңнің ырғақ жүйесіне мән беретініміз содан. Қазақ поэзиясындағы ырғақ мәселесі туралы салмақты зерттеудің бірі ретінде С. Негимовтің «Өлең өрімі» деп аталатын еңбегін айтпай кете алмаймыз. Қазақ поэзиясының ырғақ жүйесін үш түрге бөліп қарастырған ғалым ырғақ түрлерінің молаюы себебін былай түсіндіреді: «Поэзияда азаматтық,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nqudaibergen@gmail.com

қоғамдық мәселелерді көтеру, өмірдің жаңалығын арқау ету, бүгінгіміз бен болашағымызды ертегілік, аңыздық сюжеттер арқылы бейнелеп сипаттау, символикаға ойысу, сөздің мағыналық салмағын мүмкіндігінше арттыру, философиялық-образдық ойға құру, эстетикалық информацияны мол қамту ырғақ түрлерінің молаюына жол ашты» [2; 152].

Жоғарыда аталған еңбектер — қазақ өлеңінің табиғатын тануға, өлең құрылысы мен өлшем өрнектерін, ырғақ жүйесі мен олардың әдебиет тарихындағы орнын айқындауда үлкен қызмет атқарады. Қазақ поэзиясы туралы ғылыми пайымдаулар айтуға талпынған кез келген зерттеуші бұл еңбектерді айналып өте алмайды. Десе де, біз бұл еңбектерде балалар поэзиясының мәселелері зерттеу нысанына алынбағанын, авторлар балалар поэзиясының мәселелерін зерделеуді мақсат етпегенін ескеруіміз керек.

Біз бұған дейін жарық көрген ғылыми еңбектердің ішінде қазақ балалар поэзиясының ырғақтық, стильдік, формалық, интонациялық, дыбыстық ерекшеліктерін жеке-дара қарастырған бірде-бір ғылыми жұмыс жоқ екендігіне көз жеткіздік. Міне, сондықтан да, қазақ балалар поэзиясының ырғақтық жүйесінің модификациялануы мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттігі туындап отыр. Осы мәселені талдап-таразылауға ұмтылыс жасадық.

Қазақ балалар поэзиясындағы ырғақтық-интонациялық жүйенің түрленуін біз жалпы қазақ поэзиясындағы модификациядан бөліп-жарып қарастыра алмаймыз. Өйткені қазақ поэзиясындағы көркемдік үрдістер оның бір тармағы саналатын балалар поэзиясына да ортақ болып келеді. Дегенмен балаларға арналған өлең-жырлардың өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Мысалы, балалар әдебиетін зерттеуші-ғалым Қ. Ергөбек: «...балалар поэзиясы өлең табиғатына бала мінезін сіңіру арқылы жасалады», — деп дәл басып айтқан болатын [3; 17].

Қазақ балалар поэзиясының алтын арқауы — балалар фольклоры. Қай халықтың болсын әдебиеті өзінің түп-бастауы саналатын фольклорынан үйрене отырып дамиды. Осы тұрғыдан алғанда, ауыз әдебиеті — жазба әдебиеттің ұстазы, адастырмас Темірқазығы. Ал енді жазба әдебиет салаларының ішіндегі ауыз әдебиетінен ең көп нәр алғаны бүлдіршіндер әдебиеті десек, артық айтқандық емес. Содан да болар, балалар әдебиеті қазақтың жазба әдебиетінің ішіндегі ауыз әдебиетінің шекпенінен ең кеш шыққан саласы болып саналады. XIX ғасырдың соңғы ширек ғасырында негізі қаланған жазба балалар әдебиеті XX ғасырдың 20-30-жылдарына дейін ауыз әдебиетінің шеңберінен шығандап кете қойған жоқ. Одан кейінгі кезеңдегі кәсіпқой балалар әдебиетінің өзі сол биігіне ауыз әдебиетін баспалдақ ете отырып шықты. Тіпті қазіргі қазақ «балалар поэзиясы — халық ауыз әдебиетінің көркемдік үлгілерін өз ерекшелігіне лайықтай жаңғыртып келе жатқан әдебиет саласы» [4; 201] болып отыр.

Ал ауыз әдебиетінің көркемдік үлгілері, жанрлық жүйесі сан-салалы болып келеді. Мысалы, әлпештеу фольклоры, жеткіншектер фольклоры, ойындық фольклор кейінгі жазба поэзияның формалық, ырғақтық, интонациялық, мелодикалық тұрғыдан түрленіп, байи түсуіне жол ашты. Тіпті «ересектер» жырында кездесе бермейтін өлшемдерді біз балаларға арналған өлеңдерден кездестіре аламыз.

7-8 буынды өлшем — қазақ балалар поэзиясының алтын дінгегі. Бұл өлшем қазақтың балалар фольклорының үлгілеріне ғана емес, сонымен қатар кең құлашты эпикалық жырларға да өлшем болғаны, сөйтіп, ұлт мәдениетінің қалыптасуында айрықша рөл ойнағаны белгілі. 7-8 буынды өлшемнің әсіресе балалар поэзиясында көп қолданылуының өзіндік себептері бар. Аталмыш өлшемнің баланың жан дүниесін ашу, оның бойындағы сан алуан эмоциялық күйді таныту мүмкіндігі мол. Қысқаша айтқанда, 7-8 буынды өлшем — ой мен сезімге сыйымды өлшем. Ол баланың жан әлеміндегі алуан түрлі құбылыстарды жатық, қысқа, қарапайым, тартымды етіп суреттеуге жол ашады.

Балалар поэзиясында 7-8 буынды өлшемнің салмағы қандай ауыр болса, 11 буынды өлшемнің мән-маңызы да сондай күшті. Абай поэзиясы оған дейінгі буын саны аз бунақ буын саны көп бунақтың алдына түспейді дейтін дәстүрлі ережені бұзып, буын саны аз бунақ пен буын саны көп бунақтың еркін араласуына жол ашқан болатын. Ол 11 буынды өлшемнің модификацияға ұшырауының елеулі кезеңі болып саналады. Дегенмен поэзия да динамикалық құбылыс болғандықтан, өзгеріске ұшырамай тұрған жоқ. Әсіресе, ең негізгі модификациялық ерекшеліктердің бірі ретінде біз 11 буынды өлшемнің өлеңде бірнеше тармақтарға бөлініп берілу дәстүрін айта аламыз. XX ғасырдың басында аталмыш көркемдік тәсіл жаңалық болып келгенмен, қазіргі поэзияда ол берік дәстүрге айналып үлгерді. Мақалада балаларға арналған 7-8 және 11 буынды өлең-

жырлардың ырғақтық, стильдік, интонациялық, мелодикалық, жалпы алғанда, формалық модификациясы ғылыми тұрғыдан зерделенеді.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қазақ поэзиясындағы өлең өлшемдерін зерделеген З. Ахметов, Қ. Ергөбек, К.І. Матыжанов, А. Үсенова т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі маңызды ойлар мен ғылыми тұжырымдамалар негізге алынды.

Талдауымызда біз тек балалар поэзиясына жаңалық болып келген формалық, ырғақтық ізденістерге шолу жасап, олардың табиғатын ашуға ұмтылыс жасадық. Осы орайда, әдеби экспериментке батыл бара білген ақындардың шығармаларынан ғана үзінді келтіруге тырыстық. Атап айтқанда, С. Торайғыров, Е. Елубай, М. Жаманбашинов, Қ. Жәленова, А. Естен, Қ. Мырза Әли, Б. Серікбайұлы т.б. сынды ақындар балалар өлеңінің құрылысына жаңа леп әкеліп, өзгеше мінез дарытты.

Қазақ балалар поэзиясындағы ырғақтық-стильдік модификацияны көрсету үшін салыстырмалы әдіс пайдаланылды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Жалпы, қазақ поэзиясындағы дәстүрлі өлшемдер туралы сөз болғанда, әдетте 7-8 буынды және 11 буынды өлшемдер ойға оралатыны рас. Балаларға арналған өлең үлгілерінің басым бөлігі аталмыш өлең өлшемдерімен айтылып, жазылып келеді. Мысалы, ауыз әдебиетінде өтірік өлеңдердің көбі 11 буынды өлшеммен айтылғанын байқау қиын емес:

Айттым да өтірік өлең жұртқа жақтым,
Қой қылып құмырсқаны жаздай бақтым.
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,
Адыр-адыр қойтастан түлкі қақтым [5; 128].

Қазақ балалар поэзиясының басында тұрған ақындар да дәстүрлі 7-8 буынды және 11 буынды өлшемдерді қолданды. Тіпті олардың ауыз әдебиетінің шеңберінен шықпауға тырысатыны байқалады. Алайда уақыт өте сөз шеберлерінің өз қолтаңбасын табуға ұмтылысы күшейе түсті. Өйткені сөз өнерінің парадигмалары өзгере бастады.

Қазақ поэзиясындағы басты өлшемдер 7-8 буынды және 11 буынды өлшемдермен шектелмейтіні анық. Профессор А. Үсенова аталмыш өлшемдермен бірге айнымалы ырғаққа құрылған өлең өлшемдері де негізгі өлшем саналатынын, алайда совет дәуірінде өр рухты оятып жіберерліктей әлеуеті бар аталмыш ырғақтық өлшемдерді советтік саясат халық жадынан мүлдем өшіруге көп әрекет жасағанын айтады [1; 21]. Демек, 7-8 буынды, 11 буынды және айнымалы ырғаққа құрылған декламативті өлшемдер қазақ поэзиясының негізгі дәстүрлі жыр өлшемдері болып саналады.

Десе де, ауыз әдебиетіндегі өлшемдер мен жазба поэзияның арасында ұқсастық көп болғанмен, айырмашылықтары да аз емес. Жазба балалар поэзиясы өзінің бір жарым ғасырлық тарихында түрленіп, толысып, жаңарып, жаңғырып келеді. Ол да, басқа өнер салалары секілді, динамикалық сипатын сақтап, өсіп, өркендеп отырады. Ауыз әдебиетінің қайнар-бастауынан нәр алатын балалар поэзиясы әсіресе интонациялық, ырғақтық, мелодикалық тұрғыдан ауыз әдебиетіндегі дәстүрден әжептәуір алшақтап кетті. Бір ғана ұйқас жүйесіндегі айырмашылықтары туралы ғалым С. Негимов былай деп пікір білдіріп еді: «Халық өлеңінің ұйқасы дыбыс әуенімен мінездес болса, жазба поэзия ұйқасында зор үн, айрықша екпін, сындарлы ой, салмақты пікір бар» [2; 14]. Яғни ауыз әдебиетіндегі өлеңдер, әуенге, әнмен айтуға негізделсе, жазба поэзия интонацияға, ырғақ жүйесін түрлендіруге негізделуімен ерекшеленеді.

Ауыз әдебиеті үлгілерінде, балалар фольклорында, жыр-дастандарда кең қолданылып, қазіргі поэзиядағы өлең ізденістеріне арқау болып келе жатқан өлшемнің бірі — 7-8 буынды өлшем. Бұл өлшемнің әсіресе балалар поэзиясында көп қолданылуының өзіндік себептері жоқ емес. Себебі, 7-8 буынды өлшемнің баланың болмысын ашып, бүтін бітімін көрсете аларлық мүмкіндігі мол. Қазақ балалар поэзиясында 7 буынды өлшемнің дәстүрлі 4+3 кестесі ғана емес, 3+4 кестесі де жиі ұшырайды. Ауыз әдебиетіндегі 4+3 кестесінің өзі жазба балалар поэзиясында құбылып, түрленіп, жаңа өрнек тапты. Аталмыш өлшемнің ырғақтық-синтаксистік жүйелері қазақ поэзиясында бірнеше тармаққа бөлшектенуі арқылы жаңа интонациялық мән тапты. Е. Елубайдың «Өзен» деген өлеңі бұған жақсы мысал бола алады:

Тау басынан,

Құзардан,
Тасты соғып
Бұза алмай,
Тау өзені
Келеді,
Ойнақтаған
Бұзаудай [6; 335].

Төгіліп тұрған сурет деуге келетін өлең. Әрбір ырғақтық бірлігі екі тармаққа жіктеліп берілген. Өлең шумағында төрт ырғақтық бірлік сегіз тармақ құрап отыр. 7 буынды өлшемнің 4+3 кестесімен берілсе де, ауыз әдебиетіндегі өлең-жырларға ұқсамайды. Ұқсамайтын себебі, мұндағы ырғақтық-интонациялық жүйе өзгеше өрілген. Ақын тау басынан келетін өзеннің ағысына сай интонациялық реңк таба білген. Сонымен қатар өзенді жоғарыдан төменге қарай ойнақшып түсіп келе жатқан бұзауға теңеуі өте сәтті шыққан. Әрбір ырғақтық бірліктің «т» әрпінен басталуының өзі өлеңнің дыбыстық-интонациялық жүйесін байытып тұр.

7 буынды өлшемнің 4+3 кестесінің түрленген нұсқасын біз М. Жаманбалиновтың «Күн күркіреп, жар салды» өлеңінен де байқаймыз. Ақын төмендегі өлең шумағында 7 буынды өлшемнің 4+3 кестесін ғана емес, сонымен қатар 2+2+3 кестесін де сабақтастыра отырып қолданады:

Күн күркіреп, жар салды:
– Шомылдырам баршанды!

Шырша,
Терек,
Қайындар,
Бәрің душқа дайындал!
Елік, Арқар,
Қояндар,
Шешінбей-ақ қойындар! [6; 121].

Мұнда да ақын 7 буынды өлшемнің кестелерін бірнеше тармаққа бөліп беру әдісін қолданған. Өлеңде алты ырғақтық бірлік болса, олар тоғыз тармаққа бөлшектеніп берілген. Автор бірінші ырғақтық бірлікті тұтас тармақ етіп беру арқылы оқырманның назарын аударып, өлеңнің негізгі мәнін ашуға дайындай түседі. Екінші тармақта өлеңнің мақсаты ашылады. Ал үшінші ырғақтық бірліктің үшке бөлініп берілуі ақынның әрбір ағаш түріне ерекше семантикалық-логикалық екпін түсіріп, оларға оқырманның көңілін бұру мақсатынан туған қадамы деп есептейміз. Төртінші ырғақтық бірлік жеке тармақ құрап отыр және өлең шумағындағы ой ағысының шырқау шыңына жеткенін көрсетеді. Ал бесінші ырғақтық бірлікте автор ағаштарды емес, жан-жануарлар әлеміне үндеу тастайды. Мұнда да ақын әр сөзге екпін түсіріп, балаларға жануарлар әлемін таныстыруды мақсат етіп отырғаны байқалады. Соңғы ырғақтық бірлікте ағаштар мен жануарлардың айырмашылығын бала танып біледі.

7 буынды өлшемнің 4+3 кестесімен жазылған өлеңдер қазақ балалар поэзиясында өте көп кездеседі. Тіпті балаларға арналған өлеңдердің дені осы кестемен жазылған деуге болады. Сонымен қатар балалар поэзиясында 7 буынды өлшемнің 3+4 кестесімен жазылған өлеңдер де кездеседі. Мысалы, Қ. Жәленованың «Аяз» деп аталатын өлеңін алайық:

Түнімен еңбектеніп,
Әдемі өрнек төгіп,
Қойыпсың,
Өрмекшідей
Әйнекке өрмек керіп [7; 330].

7 буынды өлшемнің 3+4 кестесі XX ғасырдың орта шенінде, Қ. Аманжолов поэзиясында көрініс тапқан болатын. Ал балалар поэзиясында аталмыш өлшем өте сирек кездеседі. Ақын өлеңдегі үшінші ырғақтық бірлікті әдейі екі тармаққа бөлшектеп, шумақтағы негізгі ойды оқшаулап жеткізуді мақсат еткен. Бала танымына лайықтап жеткізу үшін әдетте ақындар метафора, теңеу сынды көркемдік тәсілдерді қолданады. Әсіресе дерексіз ұғым-түсінікті деректерді заттарға теңеу арқылы жеткізгенде бала ол ұғым-түсінікті оңай ұғынады. Аталмыш өлең шумағынан да біз осы ерекшелікті байқаймыз.

А. Естен «Төлдерім» деген өлеңінде 7 буынды өлшемнің 2+5 кестесін туғызған. Әрине, өлең шумағы тұтасымен аталмыш кестемен өрілген дей алмаймыз. Дегенмен алғашқы екі тармағы 7

буынды өлшемнің 2+5 өрнегімен жазылған. Шумақтағы сызықша терек бунақаралық кідіріс туғызған:

Бота — төлі түйенің,
Құлын — төлі биенің.
Қойдың төлі қозыны,
«Момыным» деп білемін [8; 3].

8 буынды өлең өлшемі балалар поэзиясында ең жиі қолданылатын өлшемдер санатына кіреді. Себебі 8 буынды өлшем динамикалық өлең туғызуға, ой мен сезімді ойнатып жеткізуге ыңғайлы өлшем болып саналады. Әдетте балалар ақындары 8 буынды өлшемнің 4+4 кестесін пайдалана отырып осындай жыр үлгілерін туғызады. Оның төркіні, әрине, балалар фольклорында жатқаны анық. Мысалы, қазақтың ауыз әдебиетінде мазақтама, санамақ, қаламақ, жаңылтпаш, жұмбақ т.б. жанрларға аталмыш өлшем негіз болғанын байқау қиын емес. Олардың арасында 8 буынды өлшемнің жеке тармақпен берілетіні де, екі тармаққа бөлшектеніп берілетін үлгілері де аз кездеспейді. Бірді-екілі үлгілерін мысал ретінде келтірейік:

Ешкі бақтым — еңіреп бақтым,
Қой бақтым — қоңырау тақтым,
Сиыр бақтым — сидаң қақтым,
Жылқы бақтым — жорғалаттым,
Түйе бақтым — түйме тақтым,
Лақ бақтым — жылап бақтым [9; 46].

Яки болмаса, ауыз әдебиетіндегі қаламақ жанрынан үзінді келтірейік. Балалар поэзиясындағы 8 буынды өлшемнің 4+4 кестесінің екі тармаққа бөлшектеніп берілу дәстүрі де ауыз әдебиетінен бастау алғанын осы мысалдан көруге болады:

Қағаз, қалам
Қолға алам.
Елге барам,
Малшы болам.
Сиыр бағам,
Ешкі сауам,
Отын шабам,
Оны жарам,
Отын жағам.
Он атта
Оң жакқа [5; 227].

Жазба балалар поэзиясының өкілдері ауыз әдебиетінен жеткен 4+4 кестесімен жиі жыр жазады. Алайда, интонациялық-дыбыстық жүйесі тұрғысынан алғанда біршама өзгешеліктер бар екенін байқау қиын емес. Сонымен қатар әдетте ауыз әдебиетінің үлгілерінде қысқа лирикалық жыр үлгілерінде қолданылып келген болса, жазба поэзия өкілдері аталмыш өлшемді лирикалық туындыларында ғана емес, сонымен қатар эпикалық туындыларына да негіз етіп алғанын көруге болады. Мысалы, Ә. Тәжібаев өзінің белгілі «Толағай» деп аталатын поэмасын 8 буынды өлшемнің 4+4 кестесімен жазды.

Ел аузында ертеректен
Ертеқ болған қызық көптен,
Бір әңгіме есімде бар.
Айтып соны баяндайын,
Ерінбейін, аянбайын,
Тыңдау үшін кел, балалар! [7; 35].

Автор жас оқырманды осылайша өзіне қаратып, оқырманды дайындайды. Ә. Тәжібаевтың поэмасынан алынған бұл үзінді мен жоғарыда мысалға келтірілген ауыз әдебиетінің үлгілерінің арасында ырғақтық-интонациялық тұрғыдан айырмашылықтар жоқ емес. Поэмада эпикалық ырғаққа сай интонациялық жүйе бар. Сонымен қатар ауыз әдебиетінің үлгілерінің ұйқас жүйесі әдетте шұбыртпалы ұйқасқа құрылса, жазба поэзияда аталмыш жүйе түрленіп беріледі. Мәселен, жоғарыдағы Ә. Тәжібаевтың поэмасындағы шумақта аралас ұйқас үлгісі өлеңнің ырғақ жүйесіне тірек болып тұр. Сондай-ақ өлеңнің динамикалық сипатын күшейтіп, градациялық сипат дарытып

отыр. Бір ой екінші ойды үдетіп, екінші ой үшінші ойға серпін беріп, оқырманды сюжеттің басталуына дайындап отыр деуге болады.

8 буынды өлшемнің 4+4 кестесін екі тармаққа бөліп беру дәстүрі қазақ балалар поэзиясында кең тараған. Аталмыш тәсіл өлеңнің ырғақтық жүйесін түрлендіруге, тармақтардағы сөздердің семантикалық мәнін тереңдете түсуге жол ашады. Мысалы, Қ. Мырза Әлидің «Кемірген кім, ішкен кім?» деп аталатын өлеңінен үзінді келтірейік:

Сүтін қойдың
Жаңа қойдым,
Кең тегештен
Кім ішкен?
Деп ойласам,
Абайласам,
Мысекеңнің
Ісі екен! [10; 240].

8 буынды өлшемнің 4+4 ырғағына және егіз ұйқасқа құрылған өлең шумағында төрт ырғақтық бірлік сегіз тармаққа бөлшектеніп берілген. Ақын қарапайым жағдаяттың өзінен ойнақы, тартымды, қызықты жыр туғыза білген. Мұндағы мысықтың өзін қазақ дәстүріндегі қарым-қатынас мәдениетінде кездесетін үлкенді сыйлау мәнін үстейтін қосымшамен құбылтып беруінің өзі өлеңге өзгеше интонациялық һәм стилистикалық әр сыйлаған.

Ауыз әдебиетінде және ауыз әдебиетіне сүйенген жазба балалар поэзиясында 8 буынды өлшемнің 4+4 өрнегі жиі қолданылған десек те, балалар поэзиясының өкілдері 8 буынды өлшемді әрі қарай түрлендіріп, басқа да кестелерін жасай білген. Оның басы, біздіңше, XX ғасыр басында өмір сүрген ақындардың шығармашылығына барып тіреледі. Мысалы, С. Торайғыровтың «Шәкірт ойы» деп аталатын өлеңі 8 буынды өлшемнің 5+3 кестесінің үлгісі саналады:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, Күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам?! [11; 57].

Өлең лепті, екпінді, эмоциялық-интонациялық өрісі күшті ырғақтық жүйеге құрылған. Осылайша, 8 буынды өлшемнің 5+3 ырғағына және шалыс ұйқасқа құрылған өлең шумағы лирикалық қаһарманның рухты, қайсар мінезін танытуға қызмет етіп тұр.

11 буынды өлең өлшемін қазақ поэзиясының алтын арқауы деуге болады. Балалар фольклорында аталмыш өлшеммен айтылатын өлең-жырлардың көптігі соның айғағы болса керек. Жазба балалар поэзиясының бастауында тұрған өлең-жырлардың дені балалар фольклорындағы дәстүр шеңберінде жазылғанын байқау қиын емес. Мысалы, Ы. Алтынсариннің «Ананың баласын сүюі» деп аталатын өлеңі 11 буынды өлшемнің бірыңғай 4+3+4 кестесімен жазылған:

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын [12; 123].

Абай поэзиясы өзіне дейінгі буын саны аз бунақ буын саны көп бунақтың алдына түспейді дейтін дәстүрлі ережені бұзып, буын саны аз бунақ пен буын саны көп бунақтың еркін араласуына жол ашты. Ол 11 буынды өлшемнің модификацияға ұшырауының елеулі кезеңі болып саналады. Дегенмен поэзия да динамикалық құбылыс болғандықтан, өзгермей қалған жоқ. 11 буынды өлшемдегі ең негізгі модификациялық ерекшеліктердің бірі ретінде біз өлеңде бірнеше тармақтарға бөлініп берілу дәстүрін айта аламыз. XX ғасырдың басында аталмыш көркемдік тәсіл жаңалық болып келгенмен, қазіргі поэзияда ол берік дәстүрге айналып үлгерді. Дегенмен аталмыш кестелердің өзі әртүрлі ырғақтық-интонациялық жүйе туғызады. Әдетте, оны ақындар өлеңнің ырғақтық-синтаксистік құрылымдарын бірнеше тармаққа бөлшектеп, жекелеген сөздердің эмоциялық-экспрессивтік бояуын қалыңдатып беру арқылы жасайды. Оның үстіне, буын саны аз өлеңдердей емес, 11 буынды өлшем бірнеше тармаққа бөлінуге бейіл тұрады. Өлеңнің мазмұнын ашу үшін ақындар осындай қадамға барады. Өлеңтанушы-ғалым А. Үсенова қазақ поэзиясында осы құбылыс туралы былай деген болатын: «Ырғақтық-интонациялық құрылым құрамындағы сөздерге логикалық немесе интонациялық екпін түсіріп, өлеңнің эмоционалдық мазмұн құнарын көрсету үшін көп

ақынның жүгінетін амалы — бүтін ырғақтық-интонациялық құрылымдарды екі не одан көп тармақтарға тасымалдау. XX ғасырдың 60-70-жылдарынан қазақ поэзиясында дәстүрлі өлшемдерді тармақтарға тасымалдап, біртұтас ырғақтық-интонациялық құрылымды бірнеше тармаққа жіктеп, «шашу» құбылысы жаппай сипат алды және ол күрделенген қалыпта көрінді» [4; 111]. Мысалы, Е. Ашықбаевтың «Қалыптасқан заңдылықтар» деп аталатын өлеңін алайық:

Қалыптасқан заңдылықтан таймаңыз:

Күнделіктер,
бестік толып жайнаңыз,
Тапсырмалар,
жатталыңыз, сайраңыз.

Қалыптасқан заңдылыққа сеніңіз:

Мұғалімдер,
күлімсіреп келіңіз,
Оқушылар,
дұрыс жауап беріңіз [13; 114].

Өлең 11 буынды өлшемнің бірыңғай 4+4+3 ырғағына құрылған. Жоғарыдағы екі шумақта да үш ырғақтық бірлік бар. Бірінші ырғақтық бірліктері жеке тармақ болып тұрса, екінші және үшінші ырғақтық бірліктер екі тармаққа бөлшектеліп берілген. Бірінші шумақта күнделіктер мен тапсырмаларға қарата үн қатқаны өзінше қызғылықты шыққан деуге болады. Сонымен қатар аталмыш өлеңнің бір ерекшелігі — бунақтардың жеке-дара сөздерден құралатыны. Әдетте, бунақтар екі сөздің тіркесінен жасалады. Мұның өзі өлеңнің дыбыстық сапасына әсер етпей қоймайды. 11 буынды өлшемнің 4+4+3 кестесімен жазылған төмендегі өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесі жоғарыдағы өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесінен ерекшеленеді:

Дарынды еді атаң сенің жарықтық.

Еңбек етті

Бар қызығын тәрк қып.

Тық-тық-так!

Іскер еді әжең сенің жарықтық!

Бала өсірді бар өмірін сарып қып.

Тық-тық-так!

Үйреге алмай саған есеп,

Әріпті,

Төзімді де,

Шыдамды да сарықты.

Тық-тық-так!

Ойлан! Ойлан!

Бола қалсаң парықты,

Ең қымбатын —

уақыт деген жарықтық.

Тық-тық-так! [10; 255-256].

Бұл — Қ. Мырза Әлидің «Сағаттың сыры» деп аталатын өлеңі. Ақын өмірдің ең маңызды мәселелерін балаға ашық ақыл айту әдісімен жеткізбей, сағаттың тықылдаған тіліне салып жеткізеді. Қ. Мырза Әли өрелі оймен ғана ұғынуға болатын өмірдің кейбір мәселелерін ойнақы тілмен, тартымды түрмен жеткізе білген. Ақын ашық ақыл айтпай-ақ жас оқырманның алдында ата-әжесінің тұлғасын биіктетіп тастайды. Жастық шақтың қадірін білуге баулиды. Бірақ оны автордың өзі ашық айтпайды, сағат айтып тұрғандай жеткізеді. Ақын тек баланы сағаттың сырын ұғынуға жетелейді. Өлең бірыңғай 4+4+3 ырғағына құрылса да, жоғарыдағы 4+4+3 кестесімен берілген Е. Ашықбаевтың өлеңінен ырғақтық-интонациялық тұрғыдан ерекшеленеді. Бір ғана сағаттың тілін бейнелейтін «Тық-тық-так!» деген жеке тармақтың өзі өлеңнің экспрессивті реңкін күшейтіп, интонациялық өрісін байытып, өлеңге ерекше екпін түсіріп тұр. Бұл тармақ алдындағы екі ырғақтық бірлікті түрлендіруші, алдыңғы ой ағынын түйіндеуші, оқырманның ойлануына, өз тұлғасындағы кемшіліктер жөнінде бір

сәт рефлексия жасауына жол ашар қызметін атқарып тұр деуге болады. Қ. Мырза Әлидің «Сағаттың сыры» өлеңі мен Н.Айтұлының «Сағаттың сыры» деген өлеңінің арасында едәуір айырмашылық бар. Мысалы, Н. Айтұлы сағаттың сырын былай жеткізеді:

Ғасырлармен құрдаспын,
Тәуліктермен сырласпын.
Адам менен уақыттың
Ортасында тілмашпын! [7; 302].

Екі ақын бір тақырыпты арқау етіп алған, екі ақын да сағатты сөйлетеді. Солай десек те, екі ақынның мақсаты екі басқа екенін аңғару қиын емес. Сонымен қатар өлеңнің ырғақтық жүйесі де екі түрлі. Бірі 11 буынды өлшемді бірнеше тармаққа бөлшектеп беру тәсілімен ойды жеткізсе, бірі дәстүрлі 7 буынды өлшемнің 4+3 кестесімен жазады. Н. Айтұлы сағаттың негізгі қызметін бала танымына лайықтап жеткізуді көздесе, Қ. Мырза Әли сағаттың тілімен баланы еңбекқорлыққа, уақыттың қадірін білуге, ата-әжесі мен жақындарын құрметтей білуге баулуды мақсат еткен.

Қ. Мырза Әли — бала танымына лайық жыр жазудың шебері. Яғни, әдетте күрделі болып көрінетін ұғым-категориялардың өзін жеңіл тілмен, тартымды түр тауып жеткізе білуімен ерекшеленеді. Ақынның шығармашылық ғұмырында жарық көрген 50-ден астам кітабының тең жартысы бүлдіршіндерге арналған кітаптар болуының өзі оның осы саладағы тәжірибесінің молдығын көрсетеді. Қ. Мырза Әли, сонымен қатар 11 буынды өлшемнің 4+3+4 кестесімен де балаларға арнап үздік өлеңдер жазған ақын. Төмендегі «Бұлт» өлеңінде тіпті 11 буынды өлшемнің 4+3+4 кестесі мен 3+4+4 кестесін қиюластырып жіберген:

Жалбыр-жалбыр жүні ұзын
Жабағыдай,
Көшпелі бұлт көк жүзін
Жабады ұдай.

Тұрамыз.
Кетеді деп
Бір селдетіп,
Қаламыз,
Өтеді тек
Құр желдетіп.

Шөлдеткенде алтын күн
Егістікті,
Жауа алмаған бұлтыңның
Несі мықты? [14; 276-277].

Өлеңнің бірінші шумағы 11 буынды өлшемнің 4+3+4 кестесімен өрілсе, екінші шумағы 11 буынды өлшемнің 3+4+4 кестесімен берілген. Ал үшінші шумақта ақын қайта 4+3+4 кестесіне оралады. Әрбір шумақта екі ырғақтық бірлік бар және әрбір ырғақтық бірлік екіге не үшке бөлшектеліп берілгенін байқауға болады. Өлеңнің өлшем өрнегі екінші шумақта құбылып, 11 буынды өлшемнің 3+4+4 кестесіне көшуін біз ақынның өлең мазмұнын ашу үшін әдейі жасаған амалы деп есептейміз. Себебі, бірінші шумақта үшінші жақтан баяндалса, екінші шумаққа келгенде бірінші жақтан айтылады. Мұның өзі лирикалық қаһарманның бұлтты күнгі екіұдай сезімін жеткізудің интонациялық тәсілі деп ойлаймыз.

Сонымен бірге ақындар 11 буынды өлшеммен, әдетте, сурет өлеңдер деп аталып кеткен өлең түрлерін жазуда да қолданатынын қаперде ұстаған жөн. Мысалы, Б. Серікбайұлының мына өлеңін алайық:

От өрілді,
Көтерілді
Көкке енді
Ғарыштың бір таңғажайып кемесі.
Байқоңырда нұр ойнайды найзағайдай көктемгі,
Шырқап ұшты ертегінің елесі!..
Қас қағымда
Аспанымда

Жоқ болды [15; 21].

«Ғарыш кемесі» деп аталатын өлеңнің формасы да ғарыш кемесінен аумайды. Әдетте, мұндай өлеңдер тақырыбына сай сурет болып шығады. Ақындар мазмұнды ашуда сөз ойната отырып осындай формалық ізденістерге барады. Әрине, сурет өлеңдерді жазуда ақындар тек 11 буынды өлшеммен шектелмейтіні анық. Дегенмен басқа өлең өлшемдеріне қарағанда сурет өлеңдерді жазуға 11 буынды өлшемнің мүмкіндігі молырақ екендігі анық. «Ғарыш кемесі» өлеңі дәстүрлі 4+4+3 кестесімен жазылған. Өлеңнің бес ырғақтық бірлігі бар және олар тоғыз тармаққа жіктеліп берілген. Алғашқы және соңғы ырғақтық бірліктерді ақын ғарыш кемесінің суретін салу мақсатында әдейі үш тармаққа бөлшектеп берген. Дегенмен мұнысы өлеңнің ырғақтық жүйесіне аса көп әсер ете қоймаған.

Қазақ балалар поэзиясы жоғарыда талдау нысанына алынған өлең өлшемдерінің аясында ғана дамыған жоқ. Сонымен қатар балалар поэзиясы дәстүрлі өлең өлшемдерінің өзара сабақтасуы арқылы да ырғақтық-интонациялық тұрғыдан байып, формалық тұрғыдан түрлене түсті. Қаламгерлер әртүрлі өлең өлшемдерін өзара сабақтастыра отырып қазақ өлеңіне жаңа мәнер, тың үлгі, соны форма сыйлады. Осылайша, ақындар өлеңнің ырғақ жүйесін құбылтып, түрлендіріп, белгілі бір сөздер мен сөз тіркестеріне ерекше екпін түсіріп, эмоциялық, семантикалық салмағын арттыруды көздейді. Әртүрлі өлең өлшемдерін сабақтастыра отырып өлең жазу дәстүрінің түп-төркіні ежелгі түркі жазба ескерткіштеріне, берісі жыраулар поэзиясына барып тіреледі. Еркін, ерікті өлең үлгілерінде өлшем өрнектері біресе ұзын, біресе қысқа болып келетіні белгілі.

Мәселен, қазақ балалар поэзиясында 7 және 8 буынды өлшемдердің сабақтастығы өте жиі кездеседі. Ондай үлгілерді ХХ ғасырдың басында өмір сүрген ақындардың шығармашылығынан да, қазіргі жас ақындардың шығармашылығынан да кездестіруге болады. Десе де, аталмыш дәстүрлі өлшемдердің өзінен өзгеше интонациялық, ырғақтық, мелодикалық жүйе жасай білген ақындар кемде-кем. Солардың қатарында Ж. Кәрібозин бар деп айтуға болады. Мысалы, оның «Жаңбыр әні» деп аталатын әні 8 және 7 буынды өлшемдердің сабақтастығына құрылса да, дәстүрлі балалар поэзиясында кездесе бермейтін соны үлгі, ерекше формамен жазылған деп айта аламыз:

До,
ре,
ми,
фа,
сол,
ля,
си,
до –
деп, легенге тамады.

До,
ре,
ми,
фа,
сол,
ля,
си,
до –
деп, шарлайды даланы.

До,
ре,
ми,
фа,
сол,
ля,
си,
до –
деп, кезеді жер жүзін.

До,
ре,
ми,

фа,
сол,
ля,
си,
до –

Неге отырсың үйде өзің? –

Деп, ол әнін салады.

«Ойнайтұғын бұл кезің!» –

Деп, шақырып баланы [15; 140].

Бұл — симфониялық сипаты күшті өлең. 8 буынды өлшеммен жазылған бір ырғақтың бірлік сегіз тармаққа бөлшектеліп берілсе, 7 буынды өлшем жеке өзі бір тармақ құрап отырады. Ақын әрбір нота атауын жеке тармақ ету арқылы өлең бунақтарының арасындағы кідірісті күшейтіп, мазмұндық бояуын қалыңдатып, әрбір нотаның эмоциялық-экспрессивтік салмағын арттыра білген.

Қазіргі балалар поэзиясында шумақтың табиғаты өзгерді. Әдетте, қара өлеңде төрт тармақ болатын болса, қазіргі өлең шумақтарында әрбір ырғақтық бірлік бірнеше тармаққа жіктеліп, өлең шумағындағы тармақтардың саны едәуір көбейді. Жоғарыда келтірілген мысалдардан қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы шумақтардың мелодикалық, интонациялық, ырғақтық, стильдік — жалпы формалық табиғаты модификацияға ұшырап, ондағы әрбір тармақтың, тіпті әрбір сөздің семантикалық һәм стилистикалық жүгі ауырлай түскендігін, ендігі ретте үннің, кейде тіпті үнсіздіктің өзі поэтикалық мәнге ие болғанын көрсетеді. Мазмұн байлығы мен үн байлығы арқылы көрініс табатынын аңғартады.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, қазақ балалар поэзиясындағы модификациялық құбылыстар соңғы жүз жыл бойына үздіксіз жүзеге асып келе жатқанын байқауға болады. XX ғасырдың алғашқы ширегінде Абай поэзиясын үлгі тұтқан бір топ қаламгер қазақтың ауыз әдебиетінің шеңберінде дамып келген балалар поэзиясына соны ырғақтық жүйелер сыйлап, формалық, стильдік тұрғыдан түрлендіре түсті. Осы орайда, сан-салалы балалар фольклоры жазба балалар поэзиясының толысуына, сапалық деңгейінің өсуіне жол ашты. Тіпті осы күнге дейін жазба балалар поэзиясы фольклордың алтын арқауынан біржола қол үзіп кете қойған жоқ. Қайта балаларға арналған ауызша мұралардан нәр алып, оларды жаңаша жаңғыртып, ырғақтық, дыбыстық, интонациялық, мелодикалық тұрғыдан байытып келеді. Балалар фольклоры мен жазба балалар поэзиясындағы басты айырмашылық олардың ырғақтық жүйесінен көрінеді. Әдетте ауыз әдебиетіндегі өлең-жырлардың бунақтар реті мейлінше тұрақты әрі ырғақ жүйесі, негізінен, әуенге құрылатын болса, жазба поэзияда аталмыш бунақтық тәртіп өзгеріп, ырғақ жүйесі сөйлеу мәнеріне қарай ойысты. Ендігі ретте өлең-жырдағы әуеннен гөрі ой мен сезім, екпін мен үн алға шықты.

Осы ретте 7-8 буынды және 11 буынды дәстүрлі өлең өлшемдері бірнеше тармаққа жіктеліп, әр сөз бен сөз тіркесіне ерекше екпін түсіру дәстүрі орнықты. Біз жоғарыда мысалға келтірген өлеңдер соның айғағы бола алады. Осылайша, қазақтың жазба балалар поэзиясы өлшем өрнектерін ауыз әдебиетінің бай мұрасынан алғанмен, оны мың құбылтып, түрлендіріп, интонациялық-мелодикалық тұрғыдан байыта түсті. Ауызша жеткен мұраларда әдетте тармақтағы бунақтардың буын саны тұрақты болып келсе, жазба поэзияда әркелкі бола беруінің бір себебі, біздіңше, жазба поэзияда өлеңді өңдеуге, түрлендіруге мүмкіндіктің молдығымен байланысты.

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (BR27101897)

Әдебиеттер тізімі

1. Үсенова А. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері: монография / А. Үсенова. — Алматы: Білім, 2010. — 320 б.
2. Негимов С. Өлең өрімі / С. Негимов. Шығармалары. Зерттеулер. — Астана: Фолиант, 2015. — Т. 1. Зерттеулер. — 424 б.

- 3 Ерғөбек Қ. Адамның бір қызығы бала деген... Қазақ балалар әдебиеті мәселелері / Қ. Ерғөбек. — Нұр-Сұлтан: Big Dream баспасы, 2021. — 428 б.
- 4 Әлтай А. Қазақ балалар поэзиясы: генеология, типология, поэтикалық даму: монография / А. Әлтай. — Астана: Фолиант, 2009. — 384 б.
- 5 Матыжанов К. І. Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры / К.І. Матыжанов. — Алматы: «Атамұра», 2023. — 272 б.
- 6 Күміс кебеже. Қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері / Құрастырған: О. Асқар. — Алматы: «Балауса» баспасы, 2008. — 432 б.
- 7 Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы. Бейбіт күн / Құраст. Байбота Қошым-Ноғай. — Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2021. Т. 3: Қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері, тақпақтары, санамақтары, мазақтамалары, жұмбақтары, жаңылтпаштары, жаңа ертегі-дастандары. — 480 б.
- 8 Балалар поэзиясының антологиясы (Балаларға арналған өлеңдер жинағы). — Алматы: Атамұра, 2021. — 320 б.
- 9 Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы. Қуыр, қуыр, қуырмаш / Құраст. Байбота Қошым-Ноғай. — Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2021. — Т. 1: Қазақтың халық өлеңдері, жұмбақтары, жаңылтпаштары, жұмбақ-есептері, мақал-мәтелдері, ертегілері, аңыздары. — 480 б.
- 10 Шынашақ: қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы / Құраст.: М. Әлімбаев, Қ. Баянбаев. — Алматы: Балауса, 1992. — 544 бет.
- 11 Торайғыров С. Алаш ұраны: Таңдамалы шығармалары / С. Торайғыров. — Алматы: Жазушы, 2003. — 152 б.
- 12 Қазақ балалар әдебиеті: хрестоматия / Құрастырғандар: М. Қараев, Б. Омарғазина. — Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1997. — 245 б.
- 13 Кәусар бұлақ. Хикаяттар, әңгімелер мен ертегілер / Жауапты ред. С. Қалиұлы. — Алматы: «Баянжүрек», 2013. — 7-ші кітап. — 274 б.
- 14 Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері [Бес томдық]. — Алматы: «Арда», 2011. — 1-том: Өлеңдер. — 368 б.
- 15 Қошым-Ноғай Б.С. Таңғажайып түс. Өлеңдер, тақпақтар, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер. / Б.С. Қошым-Ноғай. — Алматы: Жазушы, 2003. — 160 б.

Н.Д. Худайбергенов, Г.Д. Абиханова

Модификация слоговых размеров в казахской детской поэзии

В статье рассматривается ритмическая трансформация казахской детской поэзии на примере стихотворных размеров в 7–8 и 11 слогов. В исследовании анализируются особенности ритмико-формальной модификации данных размеров, которые считаются опорой казахской поэзии. Этот процесс показан на основе литературно-творческих экспериментов таких поэтов, как С. Торайғыров, Е. Елубаев, М. Жаманбалинов, К. Жяленова, А. Естен, К. Мырза Әли, Б. Серикбайұлы. Традиционные размеры в 7–8 и 11 слогов обладают богатыми ритмико-мелодическими возможностями, что способствовало развитию казахской поэзии не только в содержательном, но и в формальном плане. В письменной детской поэзии данные размеры, широко использовавшиеся в детском фольклоре, подверглись значительным изменениям в ритмическом, звуковом и мелодическом отношениях. Особенно ярко это проявляется в стихах, созданных для детей, родившихся во второй половине XX века. Ритмико-формальная трансформация казахской детской поэзии рассматривается в рамках категорий традиции и новаторства. Несмотря на то, что структура казахской поэзии уже становилась объектом научного изучения, структура детской поэзии до настоящего времени не была предметом отдельного исследования. В этом контексте представленная статья впервые специально рассматривает ритмическую модификацию казахской детской поэзии. Данное исследование поможет литературоведам, стиховедам и фольклористам глубже проанализировать ритмико-интонационные особенности детской поэзии, а также создать методологическую базу для изучения структурных изменений в казахской поэзии. Кроме того, материалы исследования могут быть полезны при преподавании детской поэзии в рамках школьной программы, а также при разработке учебно-методических пособий и литературных учебников. Для современных казахских поэтов и авторов детской литературы это исследование может служить ориентиром в использовании традиционных и новых ритмико-интонационных систем в творчестве. В целом, результаты исследования содержат научные выводы о современной трансформации традиционных размеров и усложнении интонационной системы в казахской детской поэзии.

Ключевые слова: детская поэзия, слог, ритм, размер, модификация, трансформация, традиционные размеры, сегмент, пауза.

N.D. Khudaibergenov, G.D. Abikhanova

The transformation of syllabic meters in Kazakh children's poetry

The article explores the rhythmic transformation of Kazakh children's poetry through the lens of poetic meters based on 7-8 and 11 syllables. The study focuses on the distinctive rhythmic and structural modifications of these meters, which form the foundation of Kazakh verse. This transformation is illustrated through the literary and creative experiments of poets such as S. Toraygyrov, E. Yelubai, M. Zhamanbalinov, K. Zhalenova, A. Yesten, K. Myrza Ali, E. Yerbotin, and B. Serikbaiuly. Traditional 7-8- and 11-syllable meters possess rich rhythmic and melodic potential, which has enabled Kazakh poetry to evolve both in content and in form. In written children's poetry, these meters—widely used in children's folklore—have undergone significant changes in rhythm, sound, and melody. This is especially evident in poems written for children born in the second half of the 20th century. The article examines the formal and rhythmic transformation of Kazakh children's poetry within the categories of tradition and innovation. Although the general structure of Kazakh poetry has been previously studied, children's poetry has not yet been treated as a distinct object of research. From this perspective, the article presents, for the first time, a focused analysis of rhythmic modification in Kazakh children's poetry. This research provides literary scholars, verse theorists, and folklorists with a deeper understanding of the rhythmic and intonational features of Kazakh children's verse and offers a methodological foundation for studying structural changes in Kazakh poetry. Furthermore, the findings may be useful in teaching children's poetry in school curricula and in preparing educational materials and literature textbooks. For contemporary Kazakh poets and authors of children's literature, the study serves as a guide to effectively employing both traditional and innovative rhythmic-intonational systems in their creative work. Overall, the results present scholarly insights into the modern transformation of traditional meters and the increasing complexity of the intonational system in Kazakh children's poetry.

Keywords: children's poetry, syllable, rhythm, metric, modification, transformation, traditional metrics, segment, pause.

Reference

- 1 Ussenova, A. (2010). *Qazirgi qazaq oleninin qurylysy: dastur zhane damu urdisteri* [The structure of modern Kazakh poetry: tradition and development trends]. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 2 Negimov, S. (2015). *Olen orimi* ["The Fabric of Poetry"]. Shygarmalary. Zertteuler. T.1. Zertteuler — Works. Research. Vol. 1. Research]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 3 Ergobek, Q. (2021). *Adamnyng bir qyzygy bala degen... Qazaq balalar adebiyeti maseleleri* [The joy of humanity is a child... Issues of Kazakh children's literature]. Nur-Sultan: Big Dream baspasy [in Kazakh].
- 4 Altai, A. (2009). *Qazaq balalar poeziyasi: genealogiia, tipologiia, poetikalqy damu* [Kazakh children's poetry: Genealogy, typology, poetic development]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 5 Matyzhanov, K. I. (2023). *Rukhani uyz. Qazaq balalar folklori* [Spiritual nurture. Kazakh children's folklore]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 6 Askar, O. (Comp.). (2008). *Kumis kebezhe: qazaq aqyndarynyn balalarga arналған olenderi* [Kumis Kebeje. Poems for children by Kazakh poets]. Almaty: "Balasa" baspasy [in Kazakh].
- 7 Baibota, K.-N. (2021). *Qazaq balalar adebietinin antologiyasy. Beibit kun* [Anthology of Kazakh children's literature. Peaceful Day]. T. 3: Qazaq aqyndarynyn balalarga arналған olenderi, taqpaqtary, sanamaqtary, mazaqtamalary, zhqmbaqtary, zhaqyltpashtary, zhana ertegi-dastandary [Vol. 3: Poems, counting books, riddles, parables, riddles, tongue twisters new fairy tales and epics of Kazakh poets for children]. Almaty: Adebiet baspa uii [in Kazakh].
- 8 (2021). *Balalar poeziiasynyn antologiyasy (Balalarga arналған olender jinagy)* [Anthology of children's poetry (Collection of poems for children)]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 9 Baibota, K.-N. (2021). *Qazaq balalar adebietinin antologiyasy. Quyr, quyr, quymash* [Anthology of Kazakh Children's Literature. Kuyr, Kuyr, Kuyrmas]. T. 1: Qazaqtyn khalyq olenderi, zhumbaqtary, zhanyltpashtary, zhumbaqtary-esepteri, maqal-matelderi, ertegileri, anyzdary — Vol. 1: Kazakh folk poems, riddles, tongue twisters, complicated riddles, proverbs, fairy tales, legends. Almaty: "Adebiet" baspa uii [in Kazakh].
- 10 Alimbaev, M., & Bayanbayev, K. (Comp.). (1992). *Shynashaq: qazirgi qazaq balalar poeziiasy antologiyasy* [Shynashak: Anthology of modern Kazakh children's poetry]. Almaty: Balasa [in Kazakh].
- 11 Toraygyrov, S. (2003). *Alash urany: tangdamaly shygarmalary* [The Call of Alash. Selected writings]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 12 Karaev, M., & Omarghazinova, B. (Comp.). (1997). *Qazaq balalar adebiyeti: khrestomatiiia* [Kazakh Children's Literature / Reader]. Almaty: Respublikalyq baspa kabineti [in Kazakh].
- 13 Kaliuly, S. (Ed.). (2013). *Kausar bulaq: khikaiattar, angimeler men ertegiler* [Kausar Bulak. Tales, stories, and fairy tales]. The Seventh Book. Almaty: Baian Zhurek [in Kazakh].
- 14 (2011). *Qazaq balalar adebietinin klassikalqy ulgilery* [Classical examples of Kazakh children's literature]. Vol. 1. Poems. Almaty: Arda [in Kazakh].

15 Koshym-Nogai, B. S. (2003). *Tangazhaiyp tus: olender, taqpaqtar, sanamaqtar, zhumbaqtar, zhanyltpashtar, ertegiler* [Amazing color. Poems, counting books, riddles, tongue twisters, fairy tales]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].

Information about the authors

Khudaibergenov, Nurbol Dzhumagalievich — PhD, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan. E-mail: nqudaibergen@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2482-0524>

Abikhanova, Gulzhanat Dautbekovna — PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan. E-mail: gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

Buketov University